



**Қарашығанақ: 2008 жылға шолу**  
Қарашығанақ кен орнын игерудегі серіктестік



## ҚПО басшылығының үндеуі

«Қарашығанақ Петролиум Оперейтинг Б.В» компаниясында Қазақстан Республикасымен, серіктестерімізбен және жергілікті тұрғындармен Қарашығанақ кен орнын игеру барысында бірлесіп еңбек етіп келеміз. Өткен жылдың жетістіктеріне қарамастан, 2009 жылы біз күрделі жаһандық экономикалық дағдарыс жағдайына тап болып отырмыз, олар шикізат тауарларының тұрақсыз бағасы мен бүгінгі жағдайға оңтайландырылмаған капиталдық шығындардың жаңа конъюктурасы.

Болашақта шешуімізге қажет күрделі міндеттерге қарамастан, ҚПО компаниясы қысқа мерзім ішінде үлкен жетістіктерге жетті және жылдық есебімізде біз ҚПО-ның жетістіктері туралы айтып, сондай-ақ былтырғы жылдың көрсеткіштерін сараптағымыз келеді.

Өндіріс саласында былтыр ҚПО жылдың аяғында 136,4 млн баррель мұнай эквиваленті деңгейіне жетіп өндіруде рекордтық көрсеткішке жетті. Бұл таңғаларлық жетістік, 2008 жылы ірі ауқымды жоспарлы түрде ҚПО-ның өндірістік нысандары технологиялық жабдықтарын алдын-ала жөндеу жұмыстары жүргізілді, ол бюджетте бекітілген және жоспарланған мерзімнен бұрын сәтті аяқталды. Осы өте маңызды бағдарлама 33 күннен аз мерзімде және оны орындауға қосымша 2000-дай техникалық қызметкер қатысты.

Қазақстан Республикасы мен Қарашығанақ серіктестеріне жоғары деңгейдегі табыс әкелу мақсатында біздің жобаларымыз сәтті жүзеге асырылды. Біз орындай алдық /ал кейбір көрсеткіштеріміз-мерзімінен бұрын/ мысалы, компаниядағы шетелдік мамандарды жергілікті қызметкерлермен алмастыру мен қазақстандық үлесті көбейту жоспарын мерзімінен бұрын орындадық.

Бір жыл ішінде біз қауіпсіздік техникасын жақсарттық, жыл аяғында өндірістік жарақаттану мен жұмыс уақытын жоғалтудың коэффициенті 0,11 құрады. Біздің жетістігіміз Швейцариядағы DU PONT Safety Award атты арнайы сыйлықпен марапатталғанын зор қуанышпен мақтан етеміз.

2008 жылдың қараша айының көрсеткіші бойынша апатты жағдайсыз және жұмыс уақытын жоғалтпай 20 млн-нан артық адам-сағат еңбек еттік, ал 2009 жылы ақпан айында бұл көрсеткіш 30 млн. адам-сағатқа жетті.

Өндіріс қауіпсіздігі саласындағы жоғары көрсеткіштерге қарамастан ҚПО-ға әлі де көп еңбек ету керек. Қауіпсіздік шараларын сақтау мен мүлдем қауіпсіз еңбек жағдайын жасау мақсатында біз өз көзқарасымызбен мердігерлер мен жеткерушілердің көзқарасын әлі де өзгертуіміз керек. Осыған байланысты, біз өзімізге мынадай мақсат қойдық-ол 2009 жылы OHSAS 18001 сертификатын алу.

2008 жылы ҚПО сондай-ақ Қоршаған ортаны қорғау облысындағы көрсеткіштерін жақсартты. Басқа да ұқсас компаниялармен салыстырғанда газды пайдаға асыру көрсеткіші бойынша ҚПО жоғарғы орынды сенімді түрде алады. 2008 жылы 99,78% өндірілген газ не сатылды, не қайтадан жер қыртысына қайта айдалды.

2008 жылы қыркүйекте ҚПО-ның экологиялық бақылау жүйесі халықаралық ISO 14001 стандарты бойынша сертификатталды. Бұл жүйе Қарашығанақ кен орнындағы әртүрлі жұмыстарымен байланысты адамдарға өз ісінің нәтижесін бағалап түсінуге, сондай-ақ Қарашығанақ кен орнындағы әр түрлі жұмыс түріне байланысты экологиялық қауіп-қатерді бағалауға көмектеседі.

Қоғамдық міндеттемелерге байланысты ҚПО-да Тұрақты даму стратегиясы, сондай-ақ әлеуметтік жауапкершілік Стандарттары жасақталған. Олар республикалық және халықаралық стандарттар мен ережелердің қолданылу тәжірибесіне негізделген. Қараша айында ҚПО басшыларына компанияның әртүрлі бағыттағы әрекетіне үлкен тұрақтылықты қамтамасыз етуді міндеттейтін семинар ұйымдастырылды, ал желтоқсан айында ең үздік халықаралық институттың қолдауымен адам құқығын қорғау аясында ҚПО өз іс-әрекетін бағалады.

Біз сонымен қатар Батыс Қазақстан облысының әлеуметтік инфрақұрылымын жақсарту бойынша жобаларды жүзеге асыру барысындағы жұмысымызды жалғастырдық.

ҚПО жергілікті инфрақұрылымды дамытуға қосымша қаражат бөлді, 2009 жылы бұл жұмысымызды жалғастырамыз деген сенімдемиз. Еш күмәнсіз, биылғы жыл күрделі міндеттер әкеледі, бірақ біз ашық сұхбат пен қолдау жасауға тырысу арқылы болашақта алда боламыз, біз біргеміз-ҚПО қызметкерлері, мемлекеттің өкілетті органдары, біздің ортақ кәсіпорынның серіктестіктері-біз ұзақ уақыт бірге Қазақстан Республикасын экономикасын дамытудың нақты алға жылжытушы күші бола аламыз деп ойлаймыз.

**Роджер Фокс**  
**Бас директор**

**Антонио Бальдассарре**  
**Өндіріс жөніндегі директор**

## 2008 жылғы есеп

Мұнай мен газды өндіру және сату .....	6
Қызметкерлерге қаржы бөлу .....	8
Еңбекті және қоршаған ортаны қорғау .....	10
Жергілікті компаниялармен серіктестік қатынас орнату .....	12
Әлеуметтік инфрақұрылымды дамытуға үлес қосу .....	14
Жергілікті қауымдастықпен жақсы көршілік қарым-қатынастықты қолдау .....	16



## 2008 жылғы негізгі өндіріс көрсеткіштері

Жалпы өндіру (жиынтығы) 136,4 миллион баррель мұнай эквиваленті	Сұйық көмірсутегін өндіру тұрақтандырылған/ 7 695 мың тонна (60 481 млн. баррель) – тұрақтандырылған 3 036 мың тонна (25 287 млн. баррель) – тұрақтандырылмаған
Жұмыс уақытын жоғалтумен бірге өндірістік жарақат алу коэффициенті 0,11	Жалпы құжат арқылы бекітілген апат жиілігінің жалпы коэффициенті 0,40
Шығарындылар 80 т/млн. баррель мұнай эквиваленті	Булы газ көлемінің төмендетілуі. 153 мың тонна
44% басқару лауазымын ұлттандыру	Жергілікті қызметкер 56% шығын немесе шамамен \$537,8 млн.



1979 жылы ашылған Қарашығанақ кен орны әлемдегі ең ірі мұнайгаз конденсат кен орны болып табылады. Батыс Қазақстан облысындағы Қарашығанақ кеніші дүние жүзіндегі ең ірі мұнайгаз кенорындарының бірі болып табылады. Кеніш көлемі 280 шаршы шақырым жер алып жатыр, бастапқы мұнай, газ және конденсат (НИР) құрамы 9 милли-

Бірігіп олар білімі мен тәжірибесін Қазақстан Республикасына береді, өте тиімді және ішкі, сондай-ақ сыртқы мүмкіндіктерін Қазақстан ресурстарын аса тиімді игеру мақсатында пайдаланады.

1997 жылы ортақ кәсіпорын бойынша серіктестер мен Қазақстан Республикасы өкіметінің атынан Өкілетті орган Қарашығанақ кен орнының

көмірсутегі ресурстарын игеру бойынша компания құрды 2038 жылға дейін Қарашығанақты бірігіп игеру шарты белгіленіп, өнімді бөлу туралы түпкілікті келісімге қол қойылды.

Бұл келісімге қол қойылған мерзімнен бастап кен орнын игеруге шамамен \$10 миллиард қаражат бөлінді, техникалық тұрғыдан алғанда ең күрделі ҚПО кен орнында

көмірсутегін өндірудегі ең алдыңғы озық технология қолданылады.

Бүгін Қарашығанақта газ өндіру рекордтық деңгейге жетті. Кен орны Қазақстандағы ең ірі газөндіруші кәсіпорны болып табылады, республикадағы барлық газ өндірудің 45%, сұйық көмірсутегінің жалпы өндірісінің шамамен 16% құрайды. 2008 жылы Қарашығанақта шамамен 136,4 млн. баррель мұнай эквиваленті өндірілді.

## Қарашығанақ кен орны әлемдегі ең ірі мұнайгаз конденсат кен орны болып табылады

ард баррель конденсат және 48 триллион куб фут газ, жалпы есептен 2,4 тен аса миллиард баррелей конденсат және 16 триллион куб фут газ қорынан тұрады.

Қарашығанақ мекемесінің сәтті жұмысы 4 мұнайгазөндіруші шетелдік компаниясы мамандарының үлкен өндірістік тәжірибесі мен кәсіби біліміне байланысты-Олар Би Джи Групп (32,5%), Эни (32,5%), Шеврон (20%), және Лукойл (15%).



*Қарашығанақ  
Карачаганак 2008  
Karachaganak*





## Мұнай мен газды өндіру және сату

Мұнай және газды өндіру, қайта өңдеу мен экспортқа шығарылуын Қарашығанақ кен орнында үш негізгі өндіріс нысаны жүзеге асырады. Мұнай мен газды экспортқа шығаруға үш маршрут қолданылады. Техникалық жоспар бойынша осындай пайдалану схемасы біршама қиындық туғызады, бұл схема құбылмалы рынок жағдайына тез үйренуге көмектеседі. Күкіртті сутегінің жоғары концентрациясы, жиі экстремалды ауа-райы жағдайы, және кен орнының кең жер көлемі өте қиын мәселе болып табылады.

Берілген факторларды есепке ала отырып, ҚПО-да озық, ал кей жағдайда жаңашыл технологиялық зерттемелер қолданылады. Мысалы, тек қана Қарашығанақта әлемде ең алғашқы болып жоғары қысым көмегімен тазартылмаған газды қайта айдау схемасы қолданылды. Күкіртті сутегінің жоғары қосындысы туғызған барлық қиындыққа қарамастан газды жер қыртысына қайта айдау көмірсутегін өндіру көлемін арттыруда өз тиімділігін дәлелдеді, сондай-ақ Қазақстан Республикасына мол пайда әкелді.

ҚПО бірнеше ұңғыманы бұрғылады, олар ең терең және техникалық жағынан Қазақстандағы ең күрделі; ең терең көпстволды ұңғыма Қарашығанақта бұрғыланды.

Алғашында барлық өндірілген сұйық көмірсутегі Ресей рыногына жеткізілді, бірақ 2004 жылы мамыр айынан бастап Қарашығанақтың негізгі өнім көлемі Батыс рыногына экспортқа шығарылды. Қазіргі кезде бұл көрсеткіш шамамен 70% құрайды. Сонымен қатар конденсаттың кейбір көлемі және барлық шикі газ Ресейге жеткізілуде. Негізінен, өнім Каспий Құбыржелісі арқылы Қара Теңізге экспортқа шығарылады. Газконденсаты «Атырау-Самара» құбыржелісіне жеткізіледі, ол «Транснефть» Ресей компаниясының трансторт желісімен байланыстырылған.

## 2008 жылдың негізгі оқиғалары

- 2008 жылы ҚПО өндірудің рекордтық көрсеткішін жүзеге асырды -136,4 млн. баррель мұнай эквиваленті. 2007 жылмен салыстырғанда өндіру көлемі шамамен 3 млн. баррельге артты, тіпті 2008 жылы 33 күн ішінде барлық технологиялық жабдықтар капиталдық жөндеуден өтті. 6372 млн. текше метр газ өндірілді, қайта өңделді сондай-ақ жер қыртысына қайта айдалды.



- Қыркүйек айында құбырды заңсыз пайдалануды/ ойып орнатуды/ алдын-алу мақсатында экспорттық құбыржелісінің бүтіндігін қамтамасыз ететін жаңа технология енгізілді. Ең бірінші Республикамызда осы оптикалық-талшықты жүйе Қарашығанақ кен орнына енгізілді. Соның нәтижесінде 2008 жылы тек бір ғана жасырын ойып орнату әрекеті тіркелді, ал 2007 жылы мұндай 7 әрекет тіркеліп еді.

- 2008 жылы қазанда аяқталған Күрделі жөндеу әлемдік тәжірибеде ең ірі іс-шара болды. Ол мерзімінен бұрын, өндірістік жарақатсыз және қоршаған ортаға зиянсыз аяқталды. Жұмыс 33 күн жүргізілді және жөндеу жұмысына қосымша 2000 адам қатысты. Қарашығанақ қайта өңдеу кешені ГЖ-2, ГЖ-3 ішкі жинақ жүйесі, сондай-ақ экспорттық құбыржелісінің кей жерлерінің технологиялық жабдықтарының бәріне күрделі жөндеу жүргізілді Қарашығанақта қолданылып жүрген 800 технологиялық түтікшенің 165-і тексерілді, 266 сақтандырғыш клапан жөнделді.

- 2004 жылдан бері Қарашығанақ мұнайын тиеу мерзімінен бастап, 2008 жылдың 31 желтоқсаны аралығында ҚТК 175 миллион тонна мұнайды DOMUS AUREA танкеріне тиеді.

Қарашығанақ  
Карачаганак 2008  
Karachaganak





## Қызметкерлерге инвестиция бөлу

ҚПО тек қана ең ірі Қарашығанақ кен орнын игеруге ғана емес, сондай-ақ Қазақстан Республикасының болашағы мен оның азаматтарына да инвестиция бөліп отырады.

Компанияның ісін, оның болашақ әрекетін сәтті жалғастыру үшін өз қызметкерлерін дайындау ең маңызды мәселе болып табылады. Білікті де білімді қызметкерлерді жұмысқа тарту мен оларды сақтап қалу да өте маңызды міндет. ҚПО ұзақмерзімді дамыту бағдарламасын пайдаланып, кадрларды ұлттандыру жоспарын сәтті орындап келеді. ӨТБК-ң бірінші онжылдығында ҚПО Қазақстан Республикасы бекіткен міндеттерді орындады. Қазір жаңа міндеттер анықталды, оларды шешу арқылы қазақстандық менеджерлер Қарашығанақтың болашақ бағытын анықтайды. ӨТБК-ге қол қойылғаннан бері ҚПО компаниясы \$96 млн. шамасында жергілікті қызметкерлерді оқыту және біліктілігін арттыру бағдарламасына қаражат бөлді. Осы мерзім ішінде ҚПО 115000-нан астам қызметкер мен жас маман оқытты.

ҚПО-да 48 ұлт өкілі бірігіп еңбек етеді. 2007 жылы қабылданған-тілі мен мәдениет әртүрлілігімен ерекшеленетін ең үлгілі кәсіпорны болу деген міндетті сәтті орындап келеді. Мәдениет аралық дамыту Институтының қатысуымен арнайы жоба жасалды, ол 2009 жылы үш кезеңде іске асады. Жобаның мақсаты-2009 жыл ішінде ҚПО қызметкерлері мен мемлекеттік үкімет органдарымен мәдениет аралық қарым-қатынастың тәжірибесін кеңейту.

## 2008 жылдың негізгі оқиғалары

- 2008 жыл ішінде ҚПО-да 27 қосымша лауазымдық орын ұлттандырылды. Қазіргі кезде 44% басқару лауазымы және 85% төменгі және орта звенодағы жетекшілік лауазым, сондай-ақ техникалық мамандар орындары жергілікті қызметкерлерге ұсынылды. Түрлі деңгейдегі клерк және басқа кеңсе қызметкерлері толық ұлттандырылды.
- Ақсайдағы жаңа оқу базасында «Газ өндіру операторлары мен жөндеу және қызмет көрсету жөніндегі техниктердің біліктілігін арттыру бағдарламасы» бойынша оқыту үшін қызметкер жинауға наурыз айында кірістік. Мұнай-газ өндірісін оқытуға арналған Бри-тан кеңесі жасаған OPIТО стандартымен



сертификатқа сәйкес кәсіби білім беретін ең бірінші компания болып табылады. Бұл мүмкіндік қазақстандық кәсіби білім беру мен консалтинг бойынша маманданған «Абырой» компаниясымен келісімшартқа қол қою нәтижесінде қол жетіп отыр. Қазіргі кезде осы курстың теориялық курсы 18 студент аяқтады, енді олар өз оқуын өндірістегі тәжірибемен ұштастырып Қарашығанақ кен орнында жалғастыруда. Дәл қазір 73 адам осы бағдарламаның теориялық курсы өтіп жатыр

- Сәуірде сегіз қазақстандық қызметкер халықаралық менеджмент бойынша британдық Institute of Leadership and Management (ILM)-де сәтті білім алып келді. Қазіргі кезде әлі де 12 қызметкер оқып жатыр, олар 2009 жылы ILM дипломын алуы керек
- Қараша айында ҚПО-ға Қазақстан Республикасының Еңбек және Әлеуметтік қорғау Министрі келіп кетті. Министр мен Батыс Қазақстан облысының әкімінің қатысуымен өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойылды, меморандумның мақсаты-Еңбекті қорғау мен әлеуметтік жауапкершілікті арттыру үшін бірлесіп еңбек ету.
- Желтоқсан айында 19 дипломды маман Ұлттық Емтихан Комиссиясының Техника қауіпсіздігі мен Еңбекті Қорғау жөніндегі (NEBOSH) сертификатын алды. Қазіргі кезде ҚПО-ның 80 қазақстандық қызметкерінің осындай біліктілігі бар. 2008 жылы 2716 қазақстандық қызметкері оқытылды, жалпы алғанда ол 212 924 оқу сағатын құрайды.



Қарашығанақ  
Карачаганак 2008  
Karachaganak





## Еңбекті және қоршаған ортаны қорғау

Қоршаған ортаны қорғау мен өндіріс қауіпсіздігі Қарашығанақ сияқты техникалық күрделі кен орнына сәтті зерттеме жүргізіп, пайдалану үшін ең маңызды фактор болып табылады. ҚПО-ның жетістіктері Қарашығанақ пен Қазақстан Республикасын еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігі мен қоршаған ортаны қорғау саласында биік көрсеткішке жеткен мұнайгаз саласындағы көшбасшы ретінде танытуға көмектесті.

Қауіпсіздікті қамтамасыз ету біздің барлық ісіміздің негізінде, және Қарашығанақ күн сайын осы міндетті орындауды талап етеді. Өндіру кезінде температураның күрт өзгеруі жиі кездеседі және технологиялық жабдықтардың бүтіндігін қамтамасыз ету керек. Күкіртті сутегінің молдығы мен жоғары қысымда газды жер қыртысына қайта айдау өндіріс қауіпсіздігін қамтамасыз етуді талап етеді.

Кен орнының алыстығына байланысты біздің қызметкерлерге шалғай жерге жол жүруіне тура келеді, олардың жол апатынан сақтануына тура келеді. Мысалы, тек биыл жол жүрудің жалпы километражы 90 млн. километрді құрады. Бұл Жер диаметрінен 2000 рет артық.

Ең басты талап қауіпсіздікті сақтау болағандықтан, ҚПО өндіру кезінде ғана емес, сондай-ақ Қарашығанақ кен орнының көмірсутегінің рынокқа жеткізілу барысында да қоршаған ортаны қорғау мәселесіне көп көңіл бөледі. Көмірсутегі шикізаты мен су қорын тиімді пайдалану, зиянды шығарындылар мен қауіпті қалдықтардың көлемін азайту, газдың атқылауы мен ағуына жол бермеу қоршаған ортаны қорғау бағдарламасының негізгі құрамдас бөлшегі болып табылады. Соңғы үш жыл ішінде ауада өртелінетін газдың көлемінің азайтылуы ҚПО-да қабылданған таппыныс нәтижесі болып табылады. Сонымен, 2006 жылы жағылған газ көлемі шамамен 60 млн. текше метрді құраса, 2007 жылы 40 млн. текше метр газ, ал 2008 жылы – небары 33 млн. текше метр.



## 2008 жылдың негізгі оқиғалары

### **Еңбекті қорғау техника қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау аумағындағы көрсеткіштер**

- ҚПО еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау жөнінде бесжылдық стратегиялық жоспар жасады, ол негізгі қауіп-қатерді басқарудың және ЕҚ, ТҚ, ҚОҚ бойынша іс-шараларды өткізудің негізі болып табылады. Осы тұжырымдамаға сәйкес, ҚПО өз алдына ұзақмерзімді ЕҚ, ТҚ, ҚОҚ облысында келешекте біздің көрсеткіштерімізді, біршама жақсартуға көмектесетін мақсат қойды.

- Басқару Жүйесінің Біріктіріуін дамыту (ИСУ) шеңберінде ҚПО Стандарттар мен Басқару Процедуралары Корпоративін шығарды, ол негізгі өндірістік қорлар үшін ЕҚ, ТҚ, ҚОҚ облысында қауіп-қатерді бағалаудың тиімділік критерийін анықтайды және өндіріс қызметінің барлық деңгейінде қажатті шешім табу базасын жасақтайды.

### **Өндіріс қауіпсіздігі көрсеткіштері**

- 2008 жылы ҚПО ұжымында 20 млн адам-сағат және 8 ай апатты жағдайсыз және жұмыс уақытын жоғалтпай жұмыс жасалды.

- Биылғы жылы ҚПО-ның көптеген негізгі мердігерлері де өндіріс қауіпсіздігі бойынша таңғаларлық көрсеткішке жетті. Құрылыс жұмыстарының жалғасып жатқанына қарамастан, 4-ші технологиялық желі құрылыс жобасын жүзеге асыруға қатысушы қызметкерлер 3 млн. адам-сағат апатты жағдайсыз, жұмыс уақытын жоғалтпай еңбек етті, бұл ең үздік көрсеткіш деп санауға болады.

- 2008 жылы Ақсайдағы екі жылдық жол қауіпсіздігі бағдарламасын іске асыру жұмысы өз жалғасын тапты. 2008 жылдың аяғында балалар мен жасөспірімдердің арасында болатын жол апаттары саны азайды. Сонымен қатар осы акцияны жүргізу барысында мектеп жасындағы балаларға көп көңіл бөлінді, және барлық жергілікті халыққа жол қауіпсіздігін сақтаудың маңыздылығын түсіндіру қажет болды. 2009 жылы бұл бағдарламаның ауқымын кеңейтіп, Ақсай мен оған жақын елді мекен тұрғындарын

бағдарламаның мақсаты мен міндеттерімен кеңірек таныстыру жосарланып отыр.

- 2008 жылы ҚПО келешекте OHSAS 18001 стандарты бойынша сертификат алуға дайындықты бастады. Бұл компанияның өндірістік қауіп-қатерді бақылау мен ЕҚ, ТҚ, ҚОҚ облысында көрсеткіштерді жақсарту жолында қабылданған міндеттерді келешекте бұлжытпай орындауға нақты сенімділігін көрсетеді. 2009 жылы жоспарланған Кемшіліктерді сараптау, оқыту мен ЕҚ, ТҚ, ҚОҚ жағдайын жақсарту бағдарламасына қосымша, біз ЕҚ, ТҚ, ҚОҚ біріккен басқарудың толық процедураларын жасадық.

- 2008 жылы ҚПО апатты жағдайдың алдын алуды басқару жүйесін жақсарту Бағдарламасын орныдауды аяқтады. Бұл Бағдарламаның ең маңыздысы төтенше жағдайларды басқару пунктін құру болды. Бұл пункт кез-келген төтенше жағдайды тиімді басқаруға қажетті заттармен жасақталған, басқару штабы, байланыс орталығы және ақпарат қызметі бар.

- Қазан айында ҚПО қауіпсіздік аумағындағы жетістіктері үшін 2008 жылғы DuPont Safety Awards «ЕҚ, ТҚ, ҚОҚ бойынша көрсеткіштерін жақсартқаны үшін» дәрежесіндегі сыйлықпен марапатталды. Марапаттау салтанаты Швейцарияның Женева қаласында өтті. DuPont Safety Awards сыйлығы қауіпсіз еңбек пен демалыс жағдайымен қамтамасыз етудегі ең үздік жетістіктері үшін беріледі.

- Қараша айында ҚПО-ның бастамасымен Ақсайда өндіріс қауіпсіздігі мен жабдықтардың бүтіндігін қамтамасыз ету бойынша ең алғашқы конференция өткізді. Бұл қайталанбас конференция мұнайгаз саласындағы қауіпті өндірістердің аса маңызды мәселелерін талқылау мақсатында төтенше жағдайлар Министрлігінің өкілдерін, төтенше жағдайлар мен өндірістік қауіпсіздік жөніндегі Мемлекеттік комитетті және басқа да мұнайгазөндіруші компаниялардың өкілдерін жинады.

#### **Қоршаған ортаны қорғау аумағындағы көрсеткіштер**

- 2008 жылдың басында ҚПО-ның экология облысындағы жетістіктерін Қоршаған ортаны қорғау Министрлігі ерекше атап көрсетті., ол ҚПО-ға үшжылдық табиғат қорын пайдалануға рұқсат берді. Әдетте мұндай

рұқсат 1 жылға ғана берілетін, және біз ҚПО-ның Қазақстандағы үшжылдық рұқсат құқығын алған бірінші компания болғанын мақтан етеміз.

- 2008 жылы Ұлыбританияның «Экспро Групп» компаниясы жасап шығарған жасытусыз /без отжигов/ ұңғыманы сынақтан өткізді. Қазақстанда бірінші болып Қарашығанақта мультифазалық сепаратор қолданылды, бұл көптеген маңызды экологиялық пайда тигізеді, булы газдың шығарындысын азайтып, қайта өңдеу тиімділігін арттырады және қымбат көмірсутегі шикізатын дұрыс пайдалануға көмектеседі.

- Мамыр айында ҚПО-да қалдықтарды пайдалану жөніндегі конференция болды, онда бұрғылау қалдықтарын, су мен сұйық қалдықтарды, қатты және тұрмыстық қалдықтарды тиімді кәдеге асыру жөніндегі үш негізгі мәселе қаралды.

- Желтоқсанда жөндеу-реттеу жүргізу жұмыстары кезінде шламды тазарту үшін термомеханикалық құрылғыларды сынақтан өткізді. (ТСС) Бұл құрылғылар бұрғылау шламын мұнай негізіндегі бұрғылау ерітіндісінен қауіпті және тиімді тазартуға көмектеседі. Бұдан басқа үнемі үзіліссіз жұмыс істейтін шламбөлу құрылысының кеңейтілген базалық (FEED) жобасы жасалды.

- Қыркүйекте экологиялық бақылау жүйесін ISO-14001 стандартымен сертификациялау аяқталды. Сертификациялау берік және тиімді жүйе береді, ол қоршаған ортаға әсер етуді жақсы бақылауға және біздің бұл облыстағы көрсеткіштерімізді жақсартуды жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Бұл ЕҚ, ТҚ, және ҚОҚ облысында біздің біріктірілген жүйені басқаруды дамытуда ерекше қадам болды.

- 2008 жылы барлық өндірілген газдың шамамен 99,78% іске асырылды-не сатылды, не жер қыртысына қайта айдалды, не отын ретінде пайдаланылды. Қазақстандағы барлық мұнайгаз кен орнының ішінде Қарашығанақ өндірілген газ қайта өңдеу бойынша жетекші компания болып табылады. 2006 жылы ҚПО 99,41% өндірілген газды қайта өңдеді, ал 2007 жылы технологияны жаңартқаннан кейін бұл сан 99,69%-ға жетті.



## Жергілікті компаниялармен әріптестік қарым-қатынас орнату

ҚПО өзінің өндірістік әрекетін жүзеге асыру барысында жергілікті қауымдастықпен байланысын кеңейтеді. Біз қазақстандық әріптестер, серіктестіктер, мердігерлерімізбен біріге отырып білім және тәжірибемізбен бөлісіп алмасуға тырысамыз. Осылай жұмыс істей отырап, біз бизнесіміздің беріктігінің айғағы ретіндегі өз экономикалық фундаментімізді нығайтып кеңейтеміз деген нық сенімдеміз.

ӨБТК ережесіне сәйкес, ҚПО міндеттемелерінің жоспарында жергілікті ресурстарды максималды түрде пайдалану қазақстандық үлесті көбейту мен қазақстандық жеткізушілерді дамыту Бағдарламасында көрсетілген.

Жергілікті компанияларға бизнесті дамытуға көмек көрсете отырып, ҚПО, ең алдымен, өз жеткерушілері мен мердігерлерінің арасындағы бәсекеге қабілеттілікті қолдайды.

Бұл тұжырымдама- ҚПО-ның материалдар мен құрал-жабдықтарды жүйелі түрде жеткізу, сапалы тауарлар мен қызмет көрсету, сондай-ақ шығынды шектеу қажеттілігінен туған тұжырымдамасы. Бұдан басқа да өте маңызды әлеуметтік- экономикалық мақсаттарды көздейді. Түрлі және бәсекеге қабілетті ошақтардың артықшылығы, әр-түрлі бәсекеге лайықты негіздің артықшылығы Қарашығанақ кен орнын материалды-техникалық жағынан қамтамасыз етумен ғана шектелмей Бөрлі ауданы мен Батыс Қазақстан облысының экономикасының ұзақ мерзімді дамуына оң ықпал етеді.

Қарашығанақ жергілікті жеткізушілердің даму бағдарламасын жүзеге асырған алғашқы кәсіпорындардың бірі. Қазіргі таңда ҚПО-ның деректер базасында шамамен 2400 қазақстандық өндіруші мен жеткерушілер тіркелген. 1997 жылы ӨБТК-ге қол қойылғаннан бері жергілікті компаниялармен келісімшарт \$2,5 миллиард құрады. ҚПО түрлі жобалар арқылы жергілікті жеткерушілерді дамытуға белсенді түрде араласады. Біз жергілікті фирмалардың негізгі қызметкерлерінің кәсіби дамуына, халықаралық стандарт бойынша кәсіби біліктілігін жетілдіруге, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау, сапаны бақылау, денсаулық сақтау, қауіпсіздік техникасы, қаржы, жұмысты ұйымдастыру және техникалық стандартты тиімді қолдануға көмектесеміз. Бұл бағдарлама жергілікті компаниялардың әлеуетінің дамуына ықпалын тигізеді және тауар мен қызмет көрсету жеткізушілерінің мүмкіндігін бағалаудың басты критеріі болып табылады. ҚПО шетелдік мердігерлер мен қазақстандық компаниялардың бірлесіп жұмыс істеуіне талпынады, бұндағы мақсат-кәсіби дағды мен технологиялармен бөлісе отырып, қаржы құйылуын ынталандыру.



## 2008 жылдың негізгі оқиғалары

- 2008 жылғы барлық келісімнің қазақстандық қатысу үлесінің нәтижесі шамамен 56% құрды, бұған дейінгі жоспарланған көрсеткіштен 43%-ға, жалпы ортақ \$573 миллионға артқан болатын. Қазақстандық қатысу Қазақстанда жасалған тауарлар, қызмет көрсетулер мен жұмыстарды білдіреді.
- Қазан айында Атырауда ҚПО мен ТШО-ның ұйымдастыруымен жергілікті өндірушілер мен жеткізушілердің дамуы атты екі күндік семинар болып өтті. Семинарда шамамен 82 қазақстандық тауар және қызмет көрсету саласындағы әлеуеттік жеткізуші- компания қатысып, мұнайгаз өндіруші компаниялардың қызметі мен қажеттілігі туралы бағалы ақпарат алды.
- 2008 жыл бойы жергілікті 8 компания ҚПО-ның көрсеткен қаржылай қолдауымен - Сапалық бақылау жүйесі- ISO 9000; Қоршаған ортаның қалпын бақылау жүйесі- ISO 14000; Қауіпсіздік техникасы және өндірістік гигиенаны бақылау жүйесі-OHSAS 18000. стандарттары бойынша сертификат алды.
- Project Management Institute-нің қолдауымен ұйымдастырылған жергілікті 23 фирманың жоғары және орта буын жетекшілері жұмысты ұйымдастыру және жобаларды басқару стандарты бойынша оқытылды.



- ҚПО-ның ұйымдастыруымен жергілікті 27 компания өкілдері стратегиялық маркетинг бойынша өткен семинарға қатысты. Семинарда жергілікті компанияларды қазіргі заманғы маркетинг тұжырымдамасымен таныстыруға басты назар аударылды.

- Батыс Қазақстан облысының шағын және орта кәсіпорындарының 36 өкілі бизнесті жүргізу негіздері бойынша өткен семинарға қатысты. Семинардың мақсаты-шағын және орта бизнесті кәсіпорындарға оқу бағдарламалары арқылы жұмыс сапасын көтеруге қолдау көрсету.

- Орал қаласында өткен жергілікті компаниялардың әлеуетінің дамуы атты семинарға әлеуметтік жобаларды іске асыруға қатысушы 20 шақты мердігерлік құрылыс компаниялары қатысты. Семинардың мақсаты-мердігерлерді материалдық-техникалық жабдықтау процесімен таныстыру және ҚПО-да біліктілікке баға беруді жүргізу, сондай-ақ жергілікті жеткізушілер мен өндірушілерге ҚПО-ның жоспары туралы ақпарат беру.



## Әлеуметтік жобаларды іске асырудағы үлесі

Өнімді бөлу туралы түпкілікті келісімшарт қағидаларына сәйкес, ҚПО Батыс Қазақстан облысының жергілікті инфрақұрылымының дамуына жыл сайын \$10 млн. бөліп отырады.

Қаржы, негізінен, Батыс Қазақстан облысы әкімшілігінің шешімімен артықшылығы басым нысандар мен денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет және спорт салаларына жұмсалады. Соңғы 10 жыл ішінде бірнеше жаңа мектептер мен балабақшалар, жолдар мен әлеуметтік - тұрмыстық нысандар салынды.

Одан басқа, ҚПО «Қарашығанақ-Орал» газ құбыры құрылысын жалғастыруда. Қазіргі таңда құрылыс жұмыстары 50% орындалды. Болашақта табиғи газ осы құбыр арқылы Қарашығанақ кенішінен Батыс Қазақстан облысының орталығы- Орал қаласына және Жайық өзенінің сол жағалауында орналасқан 50-ге жуық елді мекенге жеткізілетін болады. 150 шақырымдық газ құбыры құрылысын 2009 жылдың желтоқсан айында аяқтау жоспарланып отыр. Бұл жоба 2005 жылы ҚПО-ның әріптестерімен, Қазақстан Үкіметі және Батыс Қазақстан облысының әкімшілігімен келісіліп, Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың қатысуымен ойпікір туралы Меморандумға қол қойылды.

Жергілікті аудандарды көгілдір отынмен қамтамасыз ете отырып, облыстық өнеркәсіптің дамуына, экономикалық әлеуеттің кеңеюіне үлесін қосары сөзсіз.

## 2008 жылдың негізгі оқиғалары

- Бүгінде жергілікті инфрақұрылымды дамыту мақсатында жұмсалатын инвестициялардың жалпы көлемі \$350 млн. астам құрайды.
- 2008 жылғы әлеуметтік жобалар бағдарламасы 2 балабақша және 46-пәтерлі тұрғын үй құрылысын жоспарлайды. Одан басқа, ҚПО-ның әлеуметтік жобалар бөлімі жаңа тұрғын үйге мұқтаж тұрғындарға арнап 50 пәтер сатып алды.
- ҚПО-ның «Қарашығанақ-Орал» газ құбыры құрылысының жобасын іске асыру бөлімшесі «КазСтройСервис» мердігер-компаниясымен бірге 500000-нан астам адам-сағат жұмыс уақытын жоғалтпай жұмыс істеді. Бүгінгі таңда осы жобаға 350 қызметкер қатысып, жобаны инвестициялаудың жалпы көлемі шамамен \$200 млн. құрады.

• 2008 жылы Ақсай қаласының инфрақұрылымының дамуына қосымша \$10 млн. бөлінді. Бүгінде бірнеше құрылыс жобалары іске асуда: жаңа орта мектеп құрылысы, балабақша мен жолдар жөндеуден өтті, жергілікті ауруханаға медициналық құрал-жабдықтар сатып алынды.

• ҚПО-ның Қазақстан Республикасы мен Батыс Қазақстан облысының инфрақұрылымының дамуына қосқан үлесі бірнеше рет аталып өтті. Қыркүйек айының басында, Астанада, Республикада жұмыс істейтін шетелдік мұнай-газ компанияларының арасынан ҚПО-ға Қазақстанның энергетика және минералды ресурстар Министрлігінің «2008 жылдың үздік әлеуметтік бағдарламасы» сыйлығы табыс етілді. Желтоқсан айында, Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев бекіткен «Парыз» сыйлығымен марапаттау рәсімінде ҚПО компаниясы Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік бағыттағы ең үздік компания деп жарияланды.

## Жергілікті қауымдастықтармен жақсы көршілік қарым-қатынастарды сақтау

ҚПО Қарашығанақ кен орнына тікелей жақын орналасқан елді мекендердің тұрғындарымен жақсы көршілік қарым-қатынастарды сақтауға және дамытуға ұмтылады. ҚПО мақсаты – жергілікті қауымдастықтармен өндіріс әрекетінің кез келген мүмкін ықпалын жою немесе барынша азайту, жергілікті қауымдастықтармен өзара тиімді қатынас орнату және олардың әрі қарай дамуына қолдау көрсету.

2005 жылдан бастап жергілікті елді мекендерде ауданның жақын бес ауылының, үкімет органдары мен ҚПО өкілдерімен бірге ауылдық кеңес жиналыстары жүйелі түрде өткізіледі. Жиналыстарда жергілікті тұрғындар ҚПО-ның ағымдағы және жоспарлы әрекеттерімен танысады, компания өкілдерімен өздерінің маңызды мәселелерін талқылайды. Жыл сайын әр ауылдық кеңеске бағдардамаларды іске асыруға және ілгеріде әлеуметтік-экономикалық дамытуға бағытталған шараларды өткізуге арнайы бюджет бөлінеді.

ҚПО мектеп жасындағы балалардың көркемдік-қолданбалы дағдылары мен шеберліктерін дамытуға арналған жылжымалы өнер мектептерінің қызметіне демеушілік көрсетеді. Сонымен қатар ҚПО кен орнына жақын орналасқан ауылдардағы шағын және орта бизнестерге микронесиеу жүргізеді. Компания

ҚПО-ның Демеушілік комитетімен басқарылатын арнайы құрылған қор арқылы әлеуметтік жағынан аз қамтылған тұрғындарға көмектеседі, Батыс Қазақстан облысының қоғамдық бірлестіктеріне қолдау көрсетеді.

## 2008 жылдың негізгі оқиғалары

- ҚПО 2008 жылы мүмкіндігіне қарай Халықаралық Қаржы Корпорация (ХҚК) қызметінің өлшемдеріне сәйкес келетін «Әлеуметтік жауапкершілік стандарттарын» басылымнан шығарды. Бұл құжат әлеуметтік-экономикалық дамуына бағалау жүргізетін процедураларға негізделеді, ол әлеуметтік саланы инвестициялауға бақылауды қамтамасыз етеді және мәдени мұралардың сақталуына жағдай жасайды.
- ҚПО әлеуметтік сала жағдайына бағалау жүргізуге Environmental Resource Management британ компаниясын өкілетті етті. Бағалау нәтижелері әлеуметтік жобаларды жүзеге асырудың үш жылға кешендік бағдарламасын дайындауға көмектеседі. Бұл бағдарлама әлеуметтік саланы басқарудың негізгі құралы және облыс пен ауданның әлеуметтік даму мүмкіндіктерін есепке алады.
- 2008 жыл бойына ҚПО ауданның қажеттілігіне қайырымдылық шаралар түрінде немесе әлеуметтік жобалар шеңберінде \$1 миллионға жуық қаражат бөлді. ҚПО-ның ақшалай көмегі арқасында төңіректегі ауыл мен селолардың 90-ға жуық тұрғыны DAMU бірлестігі ұсынған жеңілдетілген несиелерді алды.
- ҚПО Бөрлі ауданының әкімдігі мен мәслихаты өзара келісім туралы Меморандумға қол қойып, жергілікті ауылдық кеңестің жиналыстарына қатысуға міндеттемелерді мақұлдады. 2008 жыл бойына ҚПО өкілдері ауылдық кеңестің кең ауқымды бірқатар сауалдары бойынша 16 отырысына қатысты.
- ҚПО газ құбыры мен Қарашығанақты сейсмикалық зерттеудің бастапқы кезеңі құрылысымен қатар түрлі жобалар бойынша төрт қоғамдық тыңдалым өткізді.

• Жергілікті қауымдастықтардың мүдделерін ескере отырып, ҚПО 2 жыл бойына осы ауданның су ресурстары мен мал шаруалығы жағдайларымен бірге өсімдіктер мен жануарлар дүниесіне Қарашығанақ кен орнында мұнай және газ өндірудің тигізетін әсері туралы ауылшаруашылық зерттеулер өткізуге тапсырыс жасады. Батыс Қазақстан облысы ғылыми-зерттеу Мал дәрігерлік институты мен «Орал Жер» ЖШС-нің бірлесуімен жүргізілген бұл жұмыс нәтижелері 2008 жылдың сәуір айында ауылдық кеңес жиналысына ұсынылып, осы зерттеулерді жалғастыру мен кеңейту туралы шешім қабылданды.

• Қазан айында ҚПО шағын бизнестің 16 жергілікті кәсіпкерлік кәсіпорындарымен алты күндік оқыту курсы өткізу мақсатында DAMU және PRAGMA ұйымдарымен серіктестік келісімге отырды. Енді осы кәсіпкерлер жеке шағын бизнесін көтергісі келетіндерді өздері оқытатын болады.

• ҚПО қоршаған ортаны қорғау мақсатында өткізілген шараларды қолдау үшін, көрші аудандарда экологиялық түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Бұл шаралар негізінен оқушыларға арналған, оның мақсаты жергілікті тұрғындардың қоршаған ортаға деген ұқыпты көз қарастарын қалыптастыру және тәрбиелеу болып табылады.





<b>ӨНДІРІСТІК КӨРСЕТКІШТЕР</b>	<b>2008</b>
<b>Өндіріс және өтім</b>	
Өнімдердің жалпы көрсеткіштері	мұнай баламасында 136 4 млн. баррель
Тұрақты емес конденсат (ОГПЗ және МТУ-400)	3 036 мың тонна (25 287 мың баррель)
Тұрақты конденсат (КТК и КТО-Самара мұнай және тұрақты конденсат )	7 695 мың тонна (60 481 мың баррель)
ОГПЗ-дағы шикі газ	7 916 млн. м3 (46 586 мың б.)
Таза газды өндіру	682 млн. м3 (4 016 мың б.)
Газды кері айдау <sup>1</sup>	6 372 млн. м3
<b>Қызметкерлерді пайдалану</b>	
Қызметкерлер саны	4 378
Әр қызметкерді оқыту сағаты	23
Әр қызметкерді оқыту сағатына шығындар	\$1 600
Ұлттандыру (басқару қызметінде)	44%
Бір жылда ұлттандырылған қызметтер	27
<b>Еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және қоршаған ортаны қорғау</b>	
Атмосфераға шығарындылар	80 т/млн. баррель
Булы газ көлемінің төмендеуі	153 мың тонна
Жол-көлік апаттарының жиілік коэффициенті	0,4
Жұмыс уақытын жоғалтқан апат жағдайларының коэффициенті	0,11
Газды пайдаға асыру	99,78%
Алынған сынамалар саны	55 246
<b>Қазақстандық үлес</b>	
Жасалынған келісім-шарттардың жалпы құны	\$950,75 млн.
Жергілікті тауарлар мен қызметтер	\$ 537,8 млн.
Тауарды жеткізу келісім-шарттарындағы Қазақстан үлесі	\$ 67,89 млн.



Қызмет көрсету келісім-шарттарындағы Қазақстан үлесі	\$469,82 млн.
Қазақстан үлесі	56%
Жеткізушілердің деректер базасында тіркелген қазақстандық компаниялардың саны	2 400
<b>Әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту</b>	
Әлеуметтік жобаларға шығындар	\$8,35 млн.
Ақсай қаласындағы әлеуметтік жобаларға шығындар	\$ 10 млн.
«Қарашығанақ -Орал» газ құбыры құрылысының жобасын іске асыруға шығындар	\$57 млн.
<b>Жергілікті қауымдастықтармен байланыс</b>	
Бұқаралық тыңдалым	4
Ауылдық кеңестердің жиналыстары	16
Ауылдық кеңестермен келісілген жобалар/ бастамаларды іске асыруға шығындар	\$167 562
Микронесиелеу саны	92
Микронесиелеу бағдарламасы шеңберінде ұсынылған несиелер	\$350 000
Демеушілік қолдау көрсетілген бірлестіктер	42

Өлшем бірліктері

<sup>1</sup>Миллион барельдегі эквивалент көрсетілмеген, өйткені аталған көлем сатылмаған, сондықтан өндіру көрсеткіштерінде көрсетілмейді.

млн = миллион  
 т = тонна  
 boe = мұнай эквивалентінің баррелі  
 млн м3 = миллион текше метр (стандарттық)





«Қарашығанақ Петролиум Оперейтинг Б.В»  
Қазақстан филиалы,  
090300, Қазақстан Республикасы,  
Батыс Қазақстан облысы, Бөрлі ауданы, Ақсай қаласы  
Тел: + 44 208 8288 103; (ТМД) 8 763 222 2103  
Факс: +44 208 8288 132; (ТМД) 8 763 222 2132  
kpo.kz

«Карачаганак Петролиум Оперейтинг Б.В»  
Казахстанский филиал  
г. Аксай, Бурлинский район, ЗКО  
Республика Казахстан  
090300  
Тел: +44 208 8288 103; Из СНГ: 8 763 222 2103  
Факс: +44 208 8288 132; Из СНГ: 8 763 222 2132  
www.kpo.kz

«Карачаганак Петролиум Оперейтинг Б.В»  
Казахстанский филиал  
г. Аксай, Бурлинский район, ЗКО  
Республика Казахстан  
090300  
Тел: +44 208 8288 103; Из СНГ: 8 763 222 2103  
Факс: +44 208 8288 132; Из СНГ: 8 763 222 2132  
www.kpo.kz



Қарашығанақ жобасы бойынша серіктестер | Партнеры по Карачаганакскому предприятию | Partners in the Karachaganak venture